

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ
ЖОСПАР МЕН ЦИКЛОГРАММАНЫ ҚҰРАСТЫРУҒА**

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ

**ПО СОСТАВЛЕНИЮ ПЕРСПЕКТИВНОГО ПЛАНА И
ЦИКЛОГРАММЫ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ**

Астана ,2018 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығында әзірленген

Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар - Астана, 2018 ж – 53 бет.

Пікір жазғандар:

А. Салиева, п.ғ.к.

А. Мухамеджанова, меңгеруші

Г. Алиева, әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі білім беру жүйесінің жаңартылған мазмұнына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық процесті жоспарлаудың негізгі тәсілдері ұсынылған.

Аталған құрал мектепке дейінгі білім беру саласындағы педагог қауымға, педагогикалық ЖОО мен колледждердің студенттеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2018 ж. 5 сәуірдегі № 3 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айқындалған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттері:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту;

-балаларды сапалы мектепке дайындауға бағытталған инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу;

-мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша индикаторлар жүйесін енгізу.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жоспарлаудың қолданыстағы тәжірибесін талдау, бұл мәселенің қызметін жаңа бастаған педагогтер үшін әлі де күрделі екендігін көрсетті. Дәстүрлі түрде «балаларды үйрету» жұмысы бүгінгі күн талаптарына сәйкес келмейді. Себебі Циклограммада педагогтер мысалы «балалар өзбетінше шешімдер қабылдау үшін жағдайлар жасау» сияқты басқа тәсілді көрсетуі мүмкін, педагог балаларға бұрынғыдай дайын шешімді ұсынуға асықпайды, оларға ойлануға, талаптанып көруге және өздері шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар педагогикалық процесті жоспарлауда педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді

Міндеттері:

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруды қамтамасыз ету;

- мектепке дейінгі ұйымның бағытын, әдістемелік проблемасын, өмірлік ерекшеліктерді ескеріп, жоспарды құрастыру;

-жоспарда нақты әдістемелік, білім беретін және тәрбиелік іс-шараларды, олардың орындалу мерзімін, орындауға жауаптыларды анықтау;

-ұжымның әрбір мүшесін жауапкершілікке тәрбиелеу.

Әдістемелік ұсынымдарда жылдық және перспективалық жоспардың құрылымы, циклограмма, сондай-ақ ортаңғы топтың перспективалық жоспары мен циклограммасы үлгі ретінде ұсынылады.

Жоспарлау тәртібі тәрбиешілерге балалардың мектепке дейінгі ұйымда болған барлық уақыты ішінде білім беру қызметін жоспарлы және дәйекті түрде ұйымдастыруына септігін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарды қолдану педагогтерге баланың толыққанды дамуына жағдай жасауға, оның дұрыс әлеуметтенуі үшін мүмкіндіктерін іске асыруға, тұлғасын дамытуға, ынтасы мен шығармашылық қабілеттерін, ересектермен және құрдастарымен балалардың жастарына сәйкес ынтымақтастығын дамытуға мүмкіндік береді.

Аталған жоспарлаудың түрі педагогтерге өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруді, сонымен қатар күн тәртібіндегі балалар әрекетінің барлық түрлерін іске асыруға көмектеседі.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҰСТАНЫМДАРЫ, ТҮРЛЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалармен жұмысты ұйымдастырудың мазмұны, әдістері мен түрлері білім беру процесінің негізі болып табылатын дидактикалық ұстанымдарға тәуелді. Барлық педагогикалық ұстанымдар бір-бірімен тығыз байланыста және баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға бағытталған:

-баланың балалық шақтың барлық кезеңдерінде толыққанды өмір сүруі, оның дамуын жетілдіру;

-мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестілігі;

- педагогикалық процесті әрбір баланың жеке ерекшеліктері негізінде құру:

- балалар мен ересектердің бірлескен әрекеті мен ынтымақтастығы;

-әрекеттің әр түрлерінде балалардың бастамасын қолдау;

-мектепке дейінгі ұйымның отбасымен ынтымақтастығы;

-балаларды қоғамның әлеуметтік мәдени нормаларына тарту;

- әрекеттің әр түрлерінде баланың танымдық қызығушылықтары мен танымдық әрекеттерін қалыптастыру;

- балалардың этномәдени даму жағдайын есепке алу;

- өтпелі тақырыптар арқылы білім беру салаларын кіріктіру.

Білім беру процесін құру балалардың жастарына сәйкес жұмыстың түрлері мен әдістеріне негізделуі тиіс. Балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін таңдау мектепке дейінгі ұйым әрекеті бағытына, оның жабдықталуына, өңірлік ерекшеліктерге, педагогтің жұмыс тәжірибесіне және шығармашылық әлеуетіне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру процесінде мынадай әдістер қолданылады:

- сөздік (әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу және т.б.);

-көрнекілік (бақылау, суреттер, иллюстрациялар, ойыншықтар мен заттар қарастыру; мультфильмдер мен спектакльдер қарау);

- практикалық (жаттығулар, модельдеу, балабақша ауласынан тыс экскурсиялар, тәжірибе, эксперимент жүргізу);

- ойын (қимылды, театрландырылған, сюжетті- рөлдік және т.б.). Кіріктіру ұстанымына сәйкес бір білім беру саласының ұйымдастырылған оқу қызметінде бір уақытта басқа білім беру салаларының міндеттері де шешілуі тиіс. Бір өтпелі тақырыптың төңірегінде білім беру процесін құру балалардың дамуына зор мүмкіндіктер береді. Оларда тәжірибе, эксперимент жүргізуге, негізгі дағдылары мен ұғымдық ойлауды дамытуға мүмкіндіктер пайда болады.

Тек мазмұн ғана кіріктірілмейді, сондай-ақ түрлі ұйымдастыру формалары, балалар әрекетінің әртүрлері де кіріктіріледі.

ТАБЫСТЫ ЖОСПАРЛАУҒА БЫҚПАЛ ЕТЕТІН ШАРТТАР

Мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды дамыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау:

- балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды;
- материалдық-техникалық базаның жаңартылған нормативтік құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес қамтамасыз етілуін;
- білікті педагогтер және мамандармен қамтамасыз етуді;
- тәрбиелік, дамытушы және білім беруші міндеттердің біртұтастығын;
- өтпелі тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіруді;
- білім беру мазмұны балаларға артық жүктеме түсіруін болдырмауды;
- ересектер тарапынан қолдау, балалардың бір-бірімен мейірімді қарым-қатынасын;
- балалардың бойында ұлтжандылық және толеранттылық сезімін, Отанға және туған-туысқандарына сүйіспеншілікті қалыптастыруды;
- білім беру процесін әдістемелік қолдауды қамтамасыз етуді;
- баланы тәрбиелеу мен дамыту және инклюзивті білім беру мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналарға қолдау көрсетуді қарастырады.

Табысты жоспарлаудың шарттары:

- 1) жоспарлау кезінде өз жұмысының деңгейін әділ бағалау;
- 2) жұмыстың белгілі кезеңінде жоспарлаудың мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- 3) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын білу;
- 4) жоспарлау кезеңі жұмыстың нәтижесін көрсетуі;
- 5) алға қойылған мақсатқа жетуге көмектесетін тиімді әдістер мен құралдарды таңдау.

Перспективалық жоспарды топқа бір жас тобында жұмыс істейтін екі тәрбиеші құрастырады. Бұл шартты орындау балаларға бірінғай тәсілді, бірінғай талаптарды қолдануды қамтамасыз етеді, жоспар мен бағдарламаны орындауда әрбір тәрбиешінің жауапкершілігін арттырады. Ауысыммен жұмыс істейтін тәрбиешілер бір–бірімен күнделікті байланыста болуы, балаларды бақылау нәтижелері бойынша үнемі пікір алмасулары тиіс: олар бағдарламалық материалдарды қалай игеруде, өзінің міндеттерін қалай орындайды, мәдени мінез-құлық дағдылары қалай қалыптасуда, кіммен ойнайды және т.б мәліметтерді білуі қажет. Осылайша, жоспардың негізгі бөлігін екі тәрбиеші де белгілейді, бөліктерін әрқайсысы жеке белгілейді. Тәрбиеші өзінің тобындағы балаларды жақсы біліп, әрбір баланың даму динамикасын зерделеу керек.

Білім беру процесін құрудың тақырыптық ұстанымдары мектепке дейінгі ұйымдардың ерекшеліктерін ескеруге, аймақтық және мәдени компоненттерді енгізуге мүмкіндік береді.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖОСПАРЛАУ ПРОЦЕСІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

1. Адам құқығы мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Конвенция.
2. Бала құқығы туралы конвенция.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
5. «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №1513аңы.

6. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы № 23-V Заңы.
7. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы.
8. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
9. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 жарлығы.
- 10.«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы.
- 11.«Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.
- 12.«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.
13. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.
- 14.«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы.
15. Мектепке дейінгі ұйымдардың локальды актілер жинағы (Жарғы, ұжымдық келісім шарт, ішкі еңбек тәртіп ережелері).

Педагогикалық процесті жоспарлауда педагог:

- баланың танымдық белсенділігінің негізі ретінде білуге құмарлықты дамытуға;
- баланың қабілеттерін дамытуға;
- шығармашылық қиялын қалыптастыруға;
- балалардың әлеуметтік дамуы үшін жағдаяттар ойластыруға;
- балалардың белсенділік және бастама танытуына бағыттауы тиіс.

ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны:

- өтпелі тақырыптар негізінде құрастырылған перспективалық жоспар;
- апталық циклограмма;

-балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау үшін индикаторлар жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспар оқу жылына құрастырылады. Оның негізі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы болып табылады.

Білім беру процесін кешендік-тақырыптық ұстаным бойынша (өтпелі тақырыптар) білім беру салаларын кіріктіруді ескеріп, құру балаларға артық жүктемені болдырмауға, жеткілікті және қажетті материалдармен білім беруге, тәрбиелеу, оқыту, дамыту бойынша білім беру міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Педагогтарға арналған перспективалық жоспарлау

Перспективалық жоспарды өтпелі тақырыптар негізінде оқу жылының әрбір айына тәрбиешілер мен мамандар (қазақ, орыс, шет тілі мұғалімдері, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, логопед, медициналық қызметкер және т.б.) құрастырады, әдіскермен келісіледі және мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітеді. Штаттық кестеде педагог - мамандар қарастырылмаған мектепке дейінгі ұйымдарда нақты жас тобына Перспективалық жоспарды әдіскер немесе тәрбиеші құрастырады. Перспективалық жоспарлау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабақтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Өтпелі тақырыптарды таңдау кезінде педагог мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағыттылығына немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбына, баланың жас ерекшелігіне, аймақтық ерекшеліктеріне бағдарланып шығармашылық құзыреттілік көрсету керек.

Педагог өтпелі тақырыптарды таңдағанда аймақтық ерекшеліктерді, балалардың жастарын, мектепке дейінгі ұйымның тақырыптық бағытын немесе тәрбиешінің, педагог-маманның жұмыс тақырыбын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуы тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметі барлық топтарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес өткізіледі (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы).

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың білім беру, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерін орындауды қарастырады.

Педагог білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

Балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы және т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған Циклограмма құрастырылады.

Циклограмма-бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың түрін, мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдау және жұмыс уақытын тиімді пайдалану тәртібі.

Циклограмма құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрастырылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары Перспективалық жоспарға сәйкес анықталады;

- өтпелі тақырыптың мазмұнына сәйкес бағдарламалық материалды бөлуде жүйелілік пен сабақтастық ұстанымын сақтау;

- Үлгілік бағдарлама мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- циклограмманың құрылымдық бөлімдерін сапалы жоспарлау үшін заттық-дамытушы ортаны қалыптастыру.

Циклограммада өтпелі тақырыптарға сәйкес балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп, әрбір күн тәртібі сәттерінің ұзақтығы анықталады.

Күн тәртібі

Күн тәртібі сәттерін жоспарлау «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына және күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Күн тәртібі сәттерін ұйымдастыру кешенді тәсілді талап етеді:

- міндеттері нақты тұжырымдау;

- бала әрекетінің барлық түрлерін үнемі жоспарлау;

- дербестікті дамытуға ықпал ететін түрлі мазмұндағы жағдаяттық әңгімелерді енгізу;

- қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша міндеттерді жоспарлау.

Жоспарлау тәсілдерін жаңартып, соған сәйкес тұжырымдамалар қолдану ұсынылады. Педагогтер үшін үйреншікті «тапсыру...тағайындау... балаларды /рөлдерді бөлу» сөздері өзгеше тәсілдерді көрсететін «көмектесу, талқылау, келісу» сөздерімен ауыстырылуы тиіс.

Баламен жеке жұмыс. Педагог баланың жеке ерекшеліктерін жақсы білетін болса, бала өзін жайлы сезінеді, оның көңіл - күйі көтеріледі және белсенділігі артады. Балалармен жеке жұмыс педагогикалық бақылаулардың, балалардың жеке даму мониторингін, дамудың жеке бағдарламасын (ерекше білім алуға қажеттіліктері бар балаларға арналған) ескере отырып, жоспарланады.

Ата-аналармен өзара қарым-қатынас бойынша жұмыс:

Апта тақырыбына ата-аналардың белсенді қатысуына оларға толық ақпарат беру ықпал етеді. Ақпараттық бұрышта алдын ала тақырып жазылады, іс-әрекеттің үлгі жоспары, қажет болатын көмек түрі жазылады. Циклограммада күн тәртібі бөлімінде педагог мынадай іс-шараларды жоспарлауы тиіс:

-отбасымен танысу бойынша (оқу жылының басында, топқа жаңа балаларды қабылдау кезінде), өзара қарым-қатынастың жекелеген мәселелерін зерделеу, сұраныстарын, мониторингті айқындау (мысалы, қанағаттанарлық);

- отбасын педагогикалық ағарту;

- білім беру процесіне ата-аналарды тарту бойынша іс-шаралар (фоторепортаждар, мектепке дейінгі ұйым сайтына ақпаратты орналастыру және т.б.);

- білім беру процесінің барысы жайында ата-аналарды хабардар ету;

- отбасын психологиялық-педагогикалық қолдауды және балалардың физикалық және психологиялық-әлеуметтік денсаулығын қорғау мен нығайту мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыруды, салауатты өмір сүру салтына тартуды қамтамасыз ету.

Серуен күннің бірінші және екінші жартысында өткізіледі. Серуенде бақылау, ойын, еңбек әрекеттері ұйымдастырылады.

Балалар әрекетін ұйымдастыру формасы:

-балалардың жеке тұлғасының дамуын дұрыс әлеуметтендіруге және даралауға ықпал ету;

- балалардың дербес ойындарын қолдау, оны байыту, ойын уақыты мен кеңістігін (балаларға сюжетті өрбітуге көмектесу, жаңа рөлді ұсыну және т.б.) қамтамасыз ету;

- ұлттық және жалпы мәдени құндылықтар ерекшелігіне бағыттау;

- қызықты және дәстүрлі оқиғаларды, мерекелерді, іс-шараларды (елдің, облыстың, қаланың күнделікті тыныс-тіршілігіндегі шынайы және өзекті оқиғаларға жақындығы) жоспарлау.

Күн тәртібі сәттерінің мазмұны алға қойған міндеттерге жетуге бағытталуы тиіс, сондай - ақ балаларға таңдауға және жеке бастамасын көрсетуге мүмкіндік беру. Педагог балалардың қандай бейнелеу әрекетінің құралдарын қолдана алатындығын, ұсынылған кітаптардың ішінен қайсысын таңдауға болатынын жазып, көрсетуіне болады. Тәрбиеші педагогикалық міндеттерді назарда ұстауы және балалар үшін қажетті жағдаяттарды құруы, олардың бастамасын бағыттай отырып, зейіндерін маңызды, мәнді заттарға аударуы қажет.

Дербес әрекет дегеніміз - педагогтер заттық-дамытушы орта жағдайында құрған әр баланың әрекетті қызығушылығы бойынша таңдауын қамтамасыз ететін және оған құрдастарымен өзара әрекет етуге немесе жеке әрекет етуге мүмкіндік беретін балалардың еркін әрекеті.

Ойын әрекетін ұйымдастыру

Ойын мектеп жасына дейінгі балалар әрекетінің жетекші түрі және олардың өмірлерінің ерекше сәті болып табылады, ойында олар талап-тілектері бойынша

бірігеді, өз ойларын жүзеге асырады, әлемді таниды. Ойын әрекеті әр баланың физикалық және психологиялық дамуына, адамгершілік-ерік сапаларын, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ойын баланың барлық бос уақытын қамтиды, оның жасына сәйкес өзгереді және күрделенеді. Баланың әрекетіне қимылды және үстел үсті, дидактикалық ойындарды енгізу керек.

Ерте жаста (1-3 жас) ойындар заттық- манипулятивтік сипатта болады. Заттық ойын – бала әрекетінің жетекші түрі.

Кіші мектепке дейінгі жаста (3-4 жас) ойындар заттық болады және есте сақтауды, ойлауды, қабылдауды және т.б. дамытып, жетілдіру үшін қызмет етеді.

Орта мектепке дейінгі жаста (4-5 жас) балалар ойында топтарға бірігеді, рөлдік ойындар пайда болады.

Ересек мектепке дейінгі жаста (5-6 жас) ойын барысында еңбек және оқу сияқты әрекеттің түрлері пайда болады. Бұл жаста моральдық-этикалық нормалар тәрбиеленеді, қарапайым еңбек дағдылары мен біліктері қалыптасады, практикалық ойлаулары мен көркемдік-шығармашылық әрекеті дамиды.

Мектеп алды даярлық топтарында ойындар символдық және сюжеттік-рөлдік болып табылады.

Күн тәртібінің сәттерін картотека түрінде рәсімдеу тиімді болып келеді.

Циклограммаға сәйкес күн балаларды қабылдаудан басталады, педагог ата-аналармен бала туралы, оның физикалық және психологиялық жағдайы туралы әңгімелеседі.

Балалар денсаулығын нығайту және сергек көңіл-күй тудыру мақсатында таңертеңгі гимнастика өткізіледі.

Таңғы астың алдында балалар қолдарын жуады, орындарына отырады. Педагог балалардың дұрыс отыруын, тамақты дұрыс ішуін, тамақтану құралдарын және майлықты қолдануын қадағалайды.

Таңғы астан кейін кезекшілер (ортаңғы топтан бастап) үстелдегі ыдыстарды жинауға көмектеседі, содан соң қалған балаларға қосылады.

Педагог өтпелі тақырыптарға сәйкес ойындар өткізіп, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалады,

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Циклограммада анықталған тақырыптарға сәйкес өткізіледі. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу үшін педагог алдын-ала қажетті әдебиеттерді, оқу-әдістемелік кешендерді, суреттерді, ойыншықтарды, аудио-бейне материалдар және т.б. дайындап алуы қажет. Олар өтпелі тақырыпқа сәйкес және білім салаларын кіріктіруді қамтамасыз етуі тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері аяқталған соң балалар серуенге шығады. Әр серуеннің мазмұны өтпелі тақырыптарға сәйкес болуы шарт. Серуенде табиғат құбылыстарын бақылау, еңбек әрекеті, қимылды ойындар және дербес ойын әрекеті ұйымдастырылады. Серуеннен оралған соң балаларды өздігінен шешінуге, киімдерді шкафқа жинауға үйрету қажет.

Жуыну біртіндеп, шағын топтармен ұйымдастырылады.

Тамақтану кезінде педагог балаларды мәдени-гигиеналық дағдыларға, құралдарды қолдана білуге баулиды. Тамақтанып болған соң қолдарын жуады, киімдерін шешіп, ұйқыға дайындалады. Педагог балалардың тыныш ұйықтауына қолайлы жағдай жасайды.

Ұйқыдан тұрғаннан кейін педагог шынықтыру және сауықтыру шараларын өткізеді.

Балалар бесін ас ішеді және содан соң тәрбиеші топтың заттық-дамытушы ортасында дербес ойын әрекетін ұйымдастырады, балалармен жеке жұмыстар жүргізеді.

Серуенге дайындық. Балалар киініп, серуенге шығады, серуен барысында түрлі қимылды ойындар ұйымдастырылады.

Серуеннен келген соң гигиеналық шаралар жүргізіледі. Педагог ата-аналарға баласының жетістіктері туралы ақпарат, ата-аналарды қызықтыратын сұрақтары бойынша кеңестер беруі тиіс.

Білім беру әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында педагог балаларды тәрбиелеу мен оқытудың түрлерін, құралдарын, әдістері мен тәсілдерін анықтайды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

I. Кіріспе бөлім (тақырыпқа ену, өткен материалды қалай игергенін білу үшін жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа біртіндеп көшу).

II. Негізгі бөлім (жаңа тақырыпты ашу).

III. Қорытынды бөлім (қайталау және бекіту).

Жоспарлауда топ педагогтері мен мектепке дейінгі ұйым мамандары құрастырған: серуен, таңертеңгі гимнастика, бақылау, саусақ гимнастикасы және т. б. картотекаларын циклограммаға қосымша ретінде қолдануға болады.

Циклограмманың құрастырылуын бақылауды әдіскер мына белгіге сәйкес жүзеге асырады: Тексеру күні. Жазу: «Жоспар тексерілді, кеңес берілді, ұсынылды: 1....., 2....., 3.....және т.б.».

Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес тәрбиеші белгіленген құжаттарды дер кезінде толтыруға және ұқыпты жүргізуге, тәрбиелеу-білім беру процесін нақты жоспарлауға, Бақылау парағын жүргізуге және Баланың жеке даму картасын толтыруға, баланың жеке басын құрметтеуге, оның жеке ерекшеліктерін зерделеуге, бейімділіктері мен ерекшеліктерін білуге, тұлға болып қалыптасуы мен дамуына көмектесуге міндетті.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРДЫ ҚҰРАСТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР

Күнтізбелік айдағы тақырыптар саны мемлекеттік және ұлттық мерекелерге, маусымдық шараларға, аймақтық және климаттық ерекшеліктерге және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін.

Өтпелі тақырыптарды мақсатты тұжырымдау жас тобына, білім беру салаларына, ұйымдастырылған оқу қызметтері түрлеріне байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы жан-жақты дамытуға Үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыруға бағытталған мынадай өтпелі тақырыптар ұсынылады, олар:

1. «Балабақша» – балалардың бойында балабақшаға, балаларға, ересектерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға; бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

2. «Менің отбасым» – отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің міндеттері туралы; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынасқа тәрбиелеу, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. «Дені саудың жаны сау» – баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, мектепке дейінгі ұйымда, тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған.

4. «Менің Қазақстаным» – балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизм мен толеранттылықты тәрбиелеуге ықпал етеді.

5. «Табиғат әлемі» – тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.

6. «Бізді қоршаған әлем» – қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие баланың тұлғасын дамытуды, адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет танытуды сезінуін қамтамасыз етеді.

7. «Салт-дәстүрлер және фольклор» – Қазақстан Республикасында тұратын қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлерімен таныстыруға, адамдарға мейірімді және сыйластық қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

8. «Біз еңбекқор баламыз» – қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, еңбек адамдарына құрмет сезімдерін тәрбиелеуге, адамның

қолымен жасалғанның барлығына ұқыпты қарауға; балалардың сөйлеуін, зейінін, қиялын дамытуға; шығармашылық қабілеттерін және ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

9. «Әрқашан күн сөнбесін» – балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін жақын адамдарына сүйіспеншілік, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өзінің туған еліне, қаласына, ауылына құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастырады.

10. «Өнер көзі – халықта» – адамгершілік-патриоттық тәрбие, өзін-өзі тану, қоршаған ортамен, Қазақстан халқының және басқа елдердің салт-дәстүрімен, өнерімен таныстыру.

11. «Мен және қоршаған орта» – табиғатпен таныстыру, экологиялық тәрбие, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік негіздерін қалыптастыру, адамдар және олардың мамандықтарымен таныстыру.

12. «Тірі және өлі табиғат» – тірі және өлі табиғатпен таныстыру, табиғатпен өзара әрекет ету, оларға ұқыпты қарау білімдері мен дағдыларын қалыптастыру.

13. «Жабайы табиғат әлемі» – ғаламшардағы флора мен фаунамен таныстыру, экологиялық тәрбие.

14. «Біз мектепке барамыз» (мектепалды даярлық топқа арналған) – мектеппен таныстыру, мектепке әлеуметтік бейімделуге даярлау.

15. «Қош келдің Алтын күз!» – күздегі табиғат құбылыстарының өзгерістерімен, Қазақстан өңірлеріндегі түрлі климаттық жағдайларымен (оңтүстік пен солтүстіктегі күзгі ауа-райы), күздің түрлі мезгілімен таныстыру: ерте күз, алтын күз, кеш келген күз – астық өнімін жинау мезгілі.

16. «Қызықты қыс мезгілі!» – қыстағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен, қыстың қызықты мерекелерімен және ермектерімен таныстыру.

17. «Алғашқы тамшылар» – түрлі өңірлердегі көктемнің түрлі мезгілімен, көктемдегі жеміс-жидектерді отырғызу, олардың табиғаттағы өзгерістерімен таныстыру.

18. «Жайдары жаз келді!» – жаздағы табиғат құбылыстарымен, оның өзгерістерімен таныстыру, жаз – адам ағзасына жеміс-жидектер арқылы келетін табиғат дәрумендерінің мезгілі.

19. «Жомарт күз» - бау-бақшалардан, егін алқабынан мол өнім жинау туралы білімдерін қалыптастыру, татулыққа, бірлікке, өзара көмек көрсетуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

20. «Ас атасы-нан» - егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру; дихан, наубайшы еңбегімен таныстыру, олардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.

21. «Жыл құстары» - жыл құстары, олардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы білімдерін кеңейту. Жыл құстары көктемде туған жерге қайта оралып, ұя салады, балапан басып шығарады.

22. «Жайнай бер, Қазақстаным!» - Отан – туып өскен, кіндік қанын тамған жер, ата – анаң, досың, туған-туысқандарың деген түсінік беру. Отанға деген сүйіспеншілік және мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

23. «Алақай, қыс келді!» - балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгілі өзінің аппақ қарымен, сықырлаған аязымен, көк айдын мұзымен ерекше. Ақ ұлпа қар жамылған ағаштар, үйлер көздің жауын алады. Қыс мезгілінің тағы бір ерекше көрінісі - қысқы ойындар: шанамен, шаңғымен сырғанау.

24. «Қыстайтын құстар» - қыстайтын құстар туралы мәлімет беру. Қыста құстарға азық табу қиын, сондықтан олар қыс кезінде адамға жақын жүреді. Құстарға жем шашуды ұмытпау керек. Құстардың табиғатқа тигізетін пайдасы зор, оларға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

25. «Қыс қызығы» - балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорын байыту. Қысқы ойындарды әңгімелеп айтуға баулу, Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білу.

26. «Қош келдің, Жаңа жыл!»- балалардың көптен күткен қуанышқа толы ең ғажайып мерекелердің бірі жаңа жыл туралы түсініктерін жетілдіру. Жаңа жылды қарсы алу, аяз ата мен ақша қардың келуі, жаңа жылдық сыйлықтар мен ертегілер, әндер мен билер арқылы мерекелік көңіл-күй сыйлау.

27. «Күз сыйы» - көкөніс пен жеміс-жидектердің бау-бақшада өсетіні, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерің адам денсаулығына маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жомарт күз» деп неліктен аталатынын түсіндіру, күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылау.

28. «Жаңа жылдық сыйлықтар» - туысқандарына және достарына сыйлықтар дайындау, өз қолдарымен тартымды сыйлықтар жасай білуге баулу.

29. «Аңдардың қысқы тіршілігі»- балаларға жануарлардың қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. Олар қыстың суығынан қалай қорғанатынын, сыртқы бейнелері неліктен өзгертетінін, немен қоректенетін, қыста жануарларға қамқорлық қажет екенін түсіндіру.

30. «Қардың пайдасы» - қар жерді қатты аяздардан, ағаштардың, бұталардың және көп жылдық өсімдіктердің тамырларын тоңып қалудан қорғайтыны, қардан мұз қалашықтар тұрғызуға, шанамен және шаңғымен сырғанауға, қардан мүсіндер жасауға қажет екені туралы түсінік беру.

31. «Көктем жаршысы – құстар»- жыл мезгіліне байланысты табиғатта болатын өзгерістер, көктемде жыл құстары туған жерге оралып, ұя салып, балапан басып шығаратыны туралы түсінік қалыптастыру.

32. «Жылғалардан су ақты» - жыл мезгілдерін ажырата білу, көктемде күн шуағының жылуымен қар еріп, сай-салалардан, жылғалардан сылдырап су ағады, табиғат ерекше күйге енеді, алғашқы бәйшешектер өсіп шығады.

33. «Ғарышқа саяхат» - ғарыш әлемі: зымыран, ғарышкер жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын

қалыптастыру. Жерді қоршап тұрған планеталар: Күн, Ай, олардың қозғалыстары, күн жер бетіндегі адамдардың өміріне, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіне қажет жылу мен жарық шашатыны туралы түсіндіру.

34. «Жер-Ана!» - Жер – біздің ортақ үйіміз, өзен, көл және теңіздер мен мұхиттар, таулар, орман мен дала туралы түсінік беру. Жер-ананы сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу

35. «Аспан әлемінің планеталары» - балалардың ғарыш, аспан, Жер, Ай, Жұлдыз планеталары және күн жүйесінде 8 планеталардың бар екендігі туралы білімдерін қалыптастыру. Олардың барлығы Күнді айнала қозғалады. Сол планеталардың бірі-Жер. Күн- үлкен және ең ыстық планета. Ай- Жер серігі, ол тек түнде ғана көрінеді. Басқа планеталар – Юпитер, Сатурн, Шолпан, Меркурий, Марс, Уран, Нептун, Плутон туралы әңгімелеп беру.

36. «Бір шаңырақ астында» - Қазақстанда тұратын барлық халықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, олардың тарихына, салт-дәстүрлеріне, ұлттық киім элементтеріне қызығушылық тудыру; мәдени мұрасына, түрлі ұлттардың отбасылық дәстүрлеріне тарту, халықтар достығы- біздің тәуелсіз еліміздің басты игілігі екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

37. «Бейбітшілік қорғанында» - туған елін сүйуге, еліміздің қарулы күштеріне мақтаныш сезімдерін, Отан қорғаушы-жауынгерлерге оң көзқарастарын тәрбиелеу. Батыл, ержүрек Отан қорғаушылар болуға баулу.

38. «Көктемгі ағаштар» - көктемнің келуімен табиғатта болатын өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту, туған өлкесінің табиғатына, өсімдіктер әлемін зерттеуге қызығушылық тудыру, білуге құмарлықты, байқағыштықты дамыту.

39. «Көктемгі егістік» - ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу, көктем мезгіліндегі ауыл шаруашылық жұмыстарының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту: жер жырту, егістік (егін егу, тұқым себу) жұмыстары. Танымдық қызығушылықты, білуге құмарлықты дамыту.

40. «Табиғаттың гүлденуі» - балалардың қоршаған орта, экологиялық мәдениет, көктемде өсімдіктердің гүлденуі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, табиғат құндылығы және табиғатта өзін ұстай білу ережелері туралы білімдерін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

41. «Жаз да келді көңілді» - табиғат әлемінің алуан түрлілігі, табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің қажеттілігі, экологиялық сана, салауатты өмір салты негіздері туралы білімдерін кеңейту, дене қасиеттерін дамыту, ағзаны шынықтыру және эмоционалдық- еріктік сапаларын тәрбиелеу.

42. «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!» - ересектердің мамандығы туралы білімдерін кеңейту, түрлі мамандықтарға қызығушылықты дамыту, ересектердің еңбегінің маңыздылығы туралы түсініктерін қалыптастыру, адамдардың өмірінде барлық мамандықтардың маңызды екенін түсіндіру, ересектердің еңбегіне мейірімділікпен, құрметпен қарауға, оларға көмек көрсетуге тәрбиелеу.

43. «Техника және біз» - техника әлемімен, оның ерекшеліктерімен және түрлерімен таныстыру; механизмдердің құрылысы, олардың әрекет ету принциптері туралы түсінік беру, заманауи техника адамға қоршаған ортаны өзгертуге, түрлендіруге септігін тигізеді, адамның күрделі ойлануын талап ететін жұмысын жеңілдетуге көмектеседі, құрастыруға және нақты техникалық мамандықтарға қызығушылық тудыру.

44. «Ертең сабақ басталады» - баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығын, жаңа өмірге, алдағы болатын өзгерістерге, жағдайларға ережелерге, талаптарға оң көзқарасын қалыптастыру.

45. «Өнер көзі – халықта» - өз халқының тарихы мен мәдениетіне, өнер туындыларына, мәдени мұраны тануға қызығушылықты қалыптастыру, халық кәсібімен таныстыру, ұлттық мәдениетті, туған өлкенің тарихы мен салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

46. «Мен және қоршаған орта» - экологиялық мәдениет негіздерін және шығармашылық ойлауды, қоршаған орта туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруды; табиғатқа қамқорлық танытуды, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, табиғаттағы және тұрмыстағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына баулуды қарастырады.

47. «Теңіздер мен мұхиттар әлемінде» - планетаның су ресурстары, су асты әлемі, оны мекендеушілер, олардың құрылысы мен жауларынан қорғану тәсілдері туралы білімдерін қалыптастыру, білуге құмарлықты, танымдық қызығушылықты дамыту, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

48. «Әрқашан күн сөнбесін» - Отанға, отбасына, туысқандарына, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу, айналасындағы адамдармен тілектестік қарым-қатынаста болуға, оларға қамқорлық жасауға баулу.

49. «Көлік» - көлік түрлері, көлік жүргізуші, көлік бөліктері туралы білімдерін кеңейту, көлік құралдары арасындағы айырмашылықты (қоғамдық, жеке және т.б.) табуға үйрету, ойлауды, қабылдауды, зейінді, есті дамыту, көлікте жұмыс істейтін адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

50. «Ғажайыптар әлемінде» - балалардың шығармашылық қабілеттерін, ақыл-ой әлеуетін, ойлауын, қиялын дамытуға, дербес әрекетке ұмтылысын, белсенді әлеуметтенуін қалыптастыруға, адамгершілік және эстетикалық сезімдерін оятуға бағытталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүйелі құрастырылған жұмыс жоспары айқындықты көрсетеді, қиындықты болжайды, уақытты үнемдейді, жауапкершілікті арттырады, жұмысты жеңілдетеді. Жоспарлаудың маңызды міндеті-әр баланы дер кезінде жан-жақты дамыту және денсаулығын қорғау, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыру.

Педагогикалық процесті жоспарлау педагогтен жоғары деңгейдегі кәсібилікті, жалпы мәдениетті және шығармашылық әлеуетті талап етеді.

Тәрбиеші білім беру салаларын кіріктіре білуі, нақты бағдарламалық міндеттерді шешу үшін балалар әрекетін ұйымдастырудың неғұрлым нәтижелі түрлерін таңдай білуі, балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, түрлі әдістер мен тәсілдерді педагогикалық негізде үйлестіре білуі тиіс.

Тәрбиелік - білім беру процесі балалар контингентін, олардың жас және жеке ерекшеліктерін, ата-аналардың әлеуметтік тапсырысын ескере отырып құрылуы қажет. Ұйымдастырылған оқу қызметін жоспарлауда тәрбиелік, дамытушылық және білім беру міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ете отырып, сонымен қатар Үлгілік бағдарламаның қажетті және жеткілікті материалында балаларға артық жүктеме берілмеуі тиіс.

Перспективалық жоспарлау оқу жылына құрастырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің саны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарындағы апталық оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес болуы тиіс. Өтпелі тақырыптар барлық білім салалары арқылы кіріктірілуі қажет. Тақырып заттық-кеңістіктік дамытушы ортада жүзеге асырылуы тиіс.

Педагог өтпелі тақырыптардың тізіміне, тақырыпшаларды қосып, өзгерістер енгізе алады. Ұсынылған жоспарлау түрін үлгі ретінде қарастыруға болады. Педагог мақсатқа жетудің түрлерін, әдістері мен құралдарын түрлі ерекшеліктерге (кәсіби, өңірлік, материалдық-техникалық, мектепке дейінгі ұйымдардың ерекшеліктері және т.б.) байланысты анықтайды.

МАЗМҰНЫ

1. Түсіндірме жазба.....	3
2. Білім беру процесін ұйымдастыру ұстанымдары, түрлері мен әдістері.....	4
3. Табысты жоспарлауға ықпал ететін шарттар.....	5
4. Мектепке дейінгі ұйымдардың жоспарлау процесін реттейтін Нормативтік құжаттар.....	6
5. Жаңартылған мазмұн жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру.....	8
6. Перспективалық жоспарды құрастыруда қолданылатын өтпелі тақырыптар	11
7. Қорытынды.....	18
8. Қосымша.....	20

ОРТАҢҒЫ ТОП

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, денешынықтыруға қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтына баулу

Міндеттері:

- негізгі қимылдарды жетілдіру;
- дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы білімдерін кеңейтуге, жеке бас тазалығын сақтауға ықпал ететін ойын жағдаяттарын ұйымдастыру;
- балалар түрлі әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін, шығармашылық, танымдық қабілеттерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту.

	«Денсаулық»-3	Коммуникация-2,5 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет -0,5 Орыс тілі 0,5 Драма- 0,5	Таным- 2,5 Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру- 1 Жаратылыстану-1 Құрастыру-0,5	Шығармашылық- 3,5 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,5 Апликация-0,5 Музыка – 1,5	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,25 Экология негіздері-0,25
--	----------------------	--	--	--	---

I-апта	<p>1.Дене шынықтыру «Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру».</p> <p>2.Дене шынықтыру «Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта)».</p> <p>3. Дене шынықтыру «2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Мен қандаймын?»</p> <p>Көркем әдебиет Өтебай Тұрманжановтің «Өс ұлан» өлеңі</p> <p>Драма «Бір үзім нан» ертегісі</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Менің күн тәртібім»</p> <p>Жаратылыстану «Менің дәмді достарым»</p>	<p>Сурет салу «Ақ мамық бұлттар»</p> <p>Мүсіндеу «Мен қандаймын?»</p> <p>Музыка «Болайықшы осындай»</p> <p>Музыка «Кел билейік»</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу «Өзім туралы»</p>
II апта	<p>1.Дене шынықтыру Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта).</p> <p>2.Дене шынықтыру Тақтайда, орындықта</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Не дәмді?» дидактикалық ойыны</p> <p>Орыс тілі «Витамины»</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Бір, екі үш бойға жинап күш»</p> <p>Құрастыру «Желдеткіш» жасау</p> <p>Жаратылыстану</p>	<p>Сурет салу «Сүйкімді балапан»</p> <p>Музыка «Серуендейміз, билейміз»</p> <p>Апликация «Түрлі-түсті дәрумендер»</p>	

	<p>көлденеңінен еңбектеу.</p> <p>3.Дене шынықтыру Бір-бірінен қашық қойылған 5-6 доп арқылы кезекпен аттап өту.</p>		«Алтын жапырақ төккен күз»		
III апта	<p>1.Дене шынықтыру «Жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>2.Дене шынықтыру 1 Қимылының бағытын сақтап, 6 метр арақашықтықта төрт тағандап еңбектеу.</p> <p>3.Дене шынықтыру 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Тазалықты сақтаймын»</p> <p>Көркем әдебиет Ә. Табылдының «Тіл алмаудың кесірі» әңгімесі</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Алғыр көмекшілер»</p> <p>Жаратылыстану «Менің көмекшілерім»</p>	<p>Сурет салу «Күлімдейді күн маған»</p> <p>Музыка «Спорт-біздің досымыз»</p> <p>Музыка «Біз шадыман баламыз»</p> <p>Мүсіндеу «Биші қыз»</p>	<p>Экология негіздері «Судың пайдасы»</p>

IV апта	<p style="text-align: center;">1. Дене шынықтыру Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта).</p> <p style="text-align: center;">2. Дене шынықтыру 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.</p> <p style="text-align: center;">3. Дене шынықтыру Допты аяқтарымен бір-біріне домалату.</p>	<p style="text-align: center;">Сөйлеуді дамыту «Денсаулық – зор байлық»</p> <p style="text-align: center;">Драма «Кім күшті?» ертегісі</p>	<p style="text-align: center;">Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Заттар тобын теңестіру»</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану «Бөлме өсімдіктері»</p>	<p style="text-align: center;">Сурет салу «Торсықты әшекейлейміз»</p> <p style="text-align: center;">Музыка «Боталардың желісі»</p> <p style="text-align: center;">Апликация «Оюланған торсығым»</p>	
----------------	--	--	---	---	--

ЦИКЛОГРАММА (үлгі)

қазан айы ортаңғы топ Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу</p> <p>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)</p> <p>Таңертеңгі гимнастика (5 мин)</p>	<p>Ата-аналарды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Бала денсаулығын сақтау мен нығайту туралы ата-аналармен әңгімесу, балаларда көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
	<p>«Моншақтарды тізу» Балалардың түстер туралы білімдерін бекіту, қиялын дамыту, саусақтардың қимылын жетілдіру</p>	<p>«Не артық?» кима суреттердің артық бөлігін табу, есте сақтауды дамыту</p>	<p>Аурулардың алдын алу бойынша суреттерді қарастыру</p>	<p>Тазалық пен ұқыптылық туралы әңгімелесу</p>	<p>Альбом, суреттер қарастыру</p>
	<p>Таңғы жаттығулар №3 кешен</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Ботқаның, дәрумендердің, дұрыс тамақтанудың және т.б. балалардың денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу, дастархан басында әдептілік пен тазалық сақтап отырып ас ішуге баулу</p>				
<p>Балалармен ұйымдастыры</p>					
<p>Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</p>	<p>«Мен бастаймын, сен аяқта» таныс тақпақтарды еске түсіру</p>	<p>Үстел-үсті ойыны «Сан қатарын тап!» Сан қатарын дұрыс ретімен қоюға дағдыландыру</p>	<p>Таза ауаның денсаулыққа пайдасы туралы әңгімелесу</p>	<p>Адамның дене мүшелері туралы жұмбақтар шешу</p>	<p>Жеміс-жидектер туралы әңгімелесу</p>

	лған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
Ұйымдастырылған оқу қызметтері	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Дидактикалық ойын «Менің күн тәртібім» (Уақытты бағдарлау) Күн тәртібі туралы әңгімелесе отырып, тәулік бөліктерін таңертең, күндіз, кеш, түн ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Уақытпен санасуға, жинақылыққа, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа үйрету.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Мен қандаймын?» Сурет мазмұны бойынша әңгіме құруды жетілдіру. Адамның дене мүшелері туралы түсініктерін кеңейту. Сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. Сөздерді байланыстырып айтуға машықтандыру.</p> <p>Жаратылыстану «Менің дәмді достарым» Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту. Олардың ағзаның өсуі үшін маңызын</p>	<p>Көркем әдебиет Өтебай Тұрманжановтің «Өс ұлан» өлеңі Әдеби шығарма кейіпкерінің бейнесі арқылы адамның тіршілік әлемімен таныстыру. Өзі туралы әңгімелей беруге үйрету Өлеңдегі сөздерді анық айтып, өлеңнің мазмұнын есте сақтауға үйрету. Сурет салу «Ақ мамық бұлттар»</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу «Өзім туралы» Адамның дене мүшелері және өзінің мүмкіндіктері туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Денені шынықтыруға баулу.</p> <p>Дене шынықтыру 1. «Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта)». 2. Кедергілер арқылы допты бастан асыра қос-</p>	<p>Драма «Бір үзім нан» ертегісі Мәтінді мұқият тыңдауға үйрету. Нан туралы түсініктерін кеңейту Нанның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Сөздерді анық айтуға және диалог құруға үйрету. Кейіпкерлердің көңіл-күйін жеткізуге баулу.</p>

	<p>Музыка «Болайықшы осылай» Күй тыңдау: «Қосалқа» Дәулеткерей күйі. Ән айту: Болайықшы осындай Сөзі мен әнін жазған А.Меңжанова Музыкалық-ырғақтық қимыл: «Сайыс биі» Күйді мұқият тыңдауға дағдыландыру. Әнді басқалармен бірге бастап, бірге аяқтап ілесіп айтуды, тамаққа күш түсірмей, сөздерді еркін шығаруды бақылау. Әуенді шапшаң қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Балаларды</p>	<p>түсіндіру. Сәбізден шырын дайындауды бақылау. Қатты заттың сұйыққа айналуына көз жеткізу.</p> <p>Дене шынықтыру «Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру». Тепе-теңдікті сақтай отырып бөренемен жүруге үйрету. Сол және оң жақ бүйірімен жіптің астынан еңбектеуді дамыту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылық тудыру.</p>	<p>Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуға үйрету. Түстерді үйлестіре білуге және суретті жиектен шығармай бояуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Далада таза ауада серуендеудің пайдасын түсіндіру.</p>	<p>қолдап лақтыруды қалыптастыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, көлбеу тақтаймен жүру жаттығуларын бекіту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>3. Музыка «Кел билейік» Ән тыңдау: «Балдырған» Сөзі Н.Жанаевтікі әні Б.Дәлденбаевтікі Ән айту: «Кел, билейік» Музыкасы: Б.Байқадамов, М.Әлімбаев. Музыкалық-ырғақты қимыл:</p>	<p>Дене шынықтыру «2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру» Қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру.</p> <p>Жүру, секіру, лақтыру арқылы негізгі қозғалыс түрлерін жетілдіру. Дене сапаларын, икемділікті, ептілікті дамыту.</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>тазалыққа, енбек етуге баулу.</p> <p>Мүсіндеу «Мен қандаймын?» Адам пішінін (дене бөліктерін: бас, кеуде, қолдары, аяқтары) мүсіндеу. Бірнеше бөліктен тұратын заттарды біріктіруді үйрету. Қимыл мен жаттығудың денеге әсерін түсіндіру.</p>			<p>«Құлыншақ биі» Әнді мұқият тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету. Әннің сөздерін түсіне отырып орындау. Музыканың ырғағына сәйкес құлыншақтардың қимылдарын беруге үйрету.</p>	
Серуенге дайындық	Киімдерді ретімен киінуді жетілдіру				
Серуен	<p>Ауа-райын бақылау, күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету, таза ауаның, күннің сәулесінің, дене белсенділігінің адам ағзасының дамуына әсерін түсіндіру, дене шынықтыруға баулу</p> <p>Еңбек: ойын алаңын таза ұстауға, жапырақтарды жинауға, ептілікке, тазалыққа, қимыл белсенділігіне, орындалған жұмыс нәтижесіне қуана білуге баулу, жағымды көңіл күйге бөлеу</p> <p>Қимылды ойындар: Көңілді эстафета, Кім жылдам? Лақтыр да қағып ал, Қояндар, Боз жорға</p>				

Серуеннен оралу	Киімдерді реттілікпен шешуге үйрету, мәдени-гигиеналық шаралар				
	Балалардың назарын тамаққа аудару, мәдениетті тамақтануға, ас қайтаруға баулу				
Түскі ас	Бата: Басқа адалдық берсін, Еңге саулық берсін! Астарқанға байлық берсін!	Нан қиқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерле Торғайларға тастаймыз.	Дастарханның басында, Әдеттен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз. Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені елемейміз білмейміз.	Нан -ардақты асыл ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас.	Бата: Дастарханның майлы, Көңілің жайлы болсын. Әміріңе не тілесен, Тілегің қабыл болсын
Ұйқы	Балаларға тынығып ұйықтау үшін жағдай жасау				
	«Ең қасиетті жеміс» ертегісін оқып беру	«Үру білмеген ит» Ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдату	Баяу бесік жырын тыңдату	«Алтын балық» үнді ертегісі
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүргізу. Мәдени гигиеналық шараларын орындау. Мұнда бері қараңыз, Бізде санай аламыз. 1,2,3 дегенде, Түзу тұра қаламыз. 4,5,6 дегенде, Алға қадам басамыз.				
Бесін ас	Дастархан басындағы әдептілікке үйрету, тамақты тауысып жеуге, сүттің, айранның, ірімшіктің, құрттың пайдасы туралы әңгімелесу				

Ойындар, дербес әрекет	Психологиялық жаттығу «Өз күлкіңмен бөліс»	«Пайдалы және зиянды» дидактикалық ойыны қоршаған ортаның денсаулыққа әсері туралы білімді жетілдіру	«Ұқыпты болуға тырыс» ойын жағдайатын ұйымдастыру	«Шаштараз» сюжетті рөлдік ойыны	Дәрігердің кеңесі «Мұрынмен дұрыс демалу, тістерді, ауыз қуысын тазалау»
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету, жылы дұрыс киінудің адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу				
Серуен	Кешкі ауа райын бақылау: Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Мақсаты: Бір біріне кедергі келтіріп ойнауға жаттықтыру	Желдің соғу бағытын бақылау: Қимылды ойын: «Мысық пен торғайлар» Мақсаты: Бір біріне кедергі келтірмей жүгіруге жаттықтыру	Ағаштардағы өзгерістерді бақылау: Қимылды ойын: «Біз көңілді балалармыз» Мақсаты: Қимыл белсенділігіне, ептілікке, татулыққа, достыққа тәрбиелеу	Ауладағы қыстап қалған құстарды бақылау: Қимылды ойын: «Жасырынбақ» Мақсаты: ойын қимылдары арқылы жылдамдыққа, ептілікке, қырағылыққа баулу	Аспанды бақылау: Қимылды ойын: «Кім екен?» Мақсаты: Бірін-бірін даусынан табуға үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналармен балалардың жағдайы, көңіл күйі туралы әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: «Баланы күзде қалай киіндіру керек?»	Ата-аналарға кеңес: «Суық тию ауруларының алдын-алу»	Ата-аналарға кеңес: «Баланың үйдегі күн тәртібін ұйымдастыру»	«Денсаулық дегенімізді қалай түсінесіз?» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу